



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 48/588
30 ноября 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІМЕН! С ДНЁМ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

Құрметті қала тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді мемлекеттік мерекеміз - Тұңғыш Президент күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Республика Президенті - азаматтар және адамдардың құқығы мен бостандығының, Конституция тұрақтылығының, мемлекеттік билік пен халық бірлігінің кепілдігі мен нышаны болып табылады.

Бұл мереке Қазақстан үшін мемлекет тарихының жаңа парақтарын еске алатын ерекше күн ретінде қалары сөзсіз.

Құрметті жерлестер!

Осы атаулы мереке күні баршаңызға жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер, шығармашылық табыстар, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік болып, республикамыздың игілігі жолындағы еңбектеріңізге жемісті табыстар тілейміз!

Ізгі тілекпен;

Қала әкімі Қ.Камзин
Мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков



Уважаемые жители и гости города!

От всей души поздравляем вас с государственным праздником - Днем Первого Президента Республики Казахстан!

Президент республики является символом и гарантией прав и свобод граждан и людей, стабильности Конституции, единства государственной власти и народа.

Этот праздник, несомненно, является для Казахстана особенным днем, напоминающим новые страницы истории государства.

Уважаемые земляки!

В этот знаменательный день желаем всем хорошего настроения, новых достижений, творческих успехов, крепкого здоровья и успехов во благо нашей республики!

С уважением;
Аким города К.Камзин
Секретарь маслихата Б.Сәрсембеков

1-желтоқсан – Тұңғыш Президент күні

«МЕНИҢ ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМ» ТӘРБИЕ САҒАТЫ

«Қазақ» деген сөз еркіндік деген мағына береді. Ата-бабамыз ғасырлар бойы сол еркіндікті аңсаған. Сол жолда «Жандарын шүберекке түйіп» найзаның ұшы мен білектің күшін сан мәрте жұмсаған. Қазақта халықтың қамын ойлаған хандар аз болған жоқ. Солардың ішіндегі бірегейі – Абылай хан. Ал қазіргі қазақтың бүгінін бүтіндеп, ертеңін ойлап, егемендіктің тұғырын нықтап жүрген

1 желтоқсан тұңғыш Президент күніне орай №2 жалпы орта білім беретін мектебінде 4 сыныптың ұйымдастыруымен «Менің тұңғыш Президентім» атты тәрбие сағаты өтті.

Ондағы мақсат оқушыларға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру, елбасының қоғамға және мемлекетке



біздің тұңғыш Президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Тәуелсіздікке қол жеткізу қандай қиын болса, оны сақтап, іргесін нығайту жолында да қиындықтар аз кездеспейді. Осындай қиындықтан дағдарыстан алып шығып егеменді еліміздің іргесін нығайту үшін Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жалпы халық болып жан аямай бар күш-жігерін жұмсады. Бүгінгі күн соның айғағы.

сіңірген еңбегі жөнінде білімдерін толықтыру.

Отанымыздың кішкентай бүлдіршін-дері Елбасына деген құрметпен жүректен шыққан жылы лебіздерін өлең жолдарымен білдіріп, ән шырқап, би биледі. Н.Ә.Назарбаевтың өмір жолына шолу жасалды. Ертеңгілік жоғарғы деңгейде өтті.

Д.Т.Макажанова,
№ 2 ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі

«Ұлы даланың жеті қыры»

«МЕНИҢ ТҮҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМ» АТТЫ ТӘРБИЕ САҒАТЫ

2018-жылдың 21 қарашасында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы қаламыздың әртүрлі мекемелерінде, кәсіпорындары мен ұйымдарында қызу талқылануда.

Осындай талқылау жуықта «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту

ғандығы барлығымызға белгілі. Қалыптасқан жағдайда жалғасып жатқан жаһандық өзгерістерге ыңғайлану және экономикалық дағдарысқа қарсы тұруда бұл мақаланың әсері күшті әрі өзекті болып табылады. Елбасының ұмытылып бара жатқан құндылықтарымыз бен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз



орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері арасында талқыға салынып, мамандар арасындағы пікірлесуге ұласты.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2018-жылдың 21-қарашадағы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы Қазақстан халқының ежелгі және тарихи маңызы бар құндылықтарын, болашақта ата-тегімізді, салт-дәстүрді ұмытпауға бағыттал-

жайлы баяндаған соны ой-пікірі, халқына үндеген әрбір сөзі мемлекетіміздің өркендеп, өсуіне ықпал ететін маңызы зор. «Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті, Елбасының ойын құптаймын», - деген пікірлер айтылды талқылауға қатысқандар тарапынан.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

А.ИСАЕВ – ПРЕЗИДЕНТ ЖАЙЛЫ...

Осыдан жиырма сегіз жыл бұрын Егемен ел ретінде бірінші рет өткізілген жалпыхалықтық сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш Президент болып сайланды. Ол жұрттың 98,78% дауысын жинады. Сондықтан, халқымыздың ұзақ жылдар бойы армандаған азат күні, Тәуелсіз Қазақ елінің қалыптасуы, тарихымыз түгелденіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта оралып, мемлекеттік ұлттық рәміздердің қабылдануы, бостан заманға қатысты тағы басқа игіліктердің бөрінін бастау бұлағы осы шақтардан басталады. Бүгінде еліміздің еңкейген қартынан бастап еңбектеген баласына дейін Тұңғыш Президенттің өмір тарихы мен осы жылдар аралығында Елбасы ретінде жасаған толағай еңбектерін біледі десек, артық айтқандық емес. Біз бүгінгі әңгімемізге тұңғыш Президентке қатысты басымыздан өткен шағын тарихты түздік етуді жөн көрдік.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы астанасы – Алматы қаласында, асқар Алатау баурайында 1992-жылғы 30-қыркүйекте өткен Дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайының салтанатты ашылуында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйлеп, алқалы жиынға келген ағайыны: «Төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен қарлығаштай ұшып келген көңілдеріңіз үшін, қайда жүрсеніңдер де атамекен мен атажұртқа деген сағыныш пен сүйіспеншілікке толы перзенттік пейілдеріңізді сақтағандарыңыз үшін ризашылық білдіреміз», - деп ыстық ықыласын айтқан болатын. Қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайына алыс және жақын шет мемлекеттерден, соның ішінде Түркия, Алмания, Франция, Норвегия, Моңғолия, Қытай, Аустрия, Өзбекстан және басқа 33 елдерден 800-ден астам өкіл қатысты. Құрылтай күн тәртібіндегі (Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру, оның жарғысын қабылдау, басшы органдарын сайлау мәселелерді) талқылады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы етіп сайлау туралы ұсыныс бірауыздан қабылданды. Қазақстан жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары болып сайланды.

Құрылтайға барлық елдердегі қазақ диаспорасының өкілдері қатысып, жүздесті. Қазақтар көз жазып қалған ағайындарымен қауышты, ағасы – інісі, інісі – ағасын тауып, көкейдегі армандарын айтты. Құрылтайға қатысқандар халқының өткеніне көз жүгіртті, болашағын болжады, қазақ диаспорасының көкейтесті мәселелеріне тоқталды. Атамекен қазақ диаспорасы өкілдерін қазақ халқының тұңғыш Президентінің сөзімен айтқанда «құшағымыз бауырларға айқара ашық», деп қабыл алды. Құрылтайда қазақ диаспорасының көптеген өзекті мәселелері шешімін тапты. Азаттығымыздың

айғағы болған бұл жиын тарихымыздың жаңа кезеңінің басы болды. Тұңғыш Құрылтайда әлемге тарыдай шашылған қандастарымыздың бас қосуы, қазақ елінің шынайы тәуелсіздікке қол жеткізуінің айқын көрінісі болды. Елбасы бастап, бүкіл халқымыз қоштап, бірлесіп қолға алып өткен тұңғыш Құрылтайда алыс және жақын шетелдегі қандастарымызға байланысты көптеген өзекті мәселелер қаралды. Құрылтайда шетелдегі қазақтарға мәдени-рухани сала негізінде қолдау көрсетудің негізі бағыт-бағдары мен міндеттері айқындалып, қандастарымыздың елге келуіндегі көші-қон саясатында көптеген мәселелердің шешімін табуына септігін тигізді. Бүгінде мәдениеті көркейіп, экономикасы қарқынды даму жолына түскен қазақ елі әлемнің барынша дамыған мемлекеттерімен бәсекеге түсуге бет алды. Тәуелсіз мемлекетіміздің алдында көптеген сан түрлі міндеттер тұр. Сол міндеттердің бастыларының бірі әлемнің 40-тан астам еліне шашырап кеткен қандастарымызбен байланыс орнату және оларға жан-жақты көмек көрсетіп, ата-жұртта басын қосу болатын.

Аталған ауқымды шараға сол кездегі «Азия» халықаралық газетінің тілшісі ретінде мен де бастан-аяқ қатысу бақытына ие болдым. Фототілші Жүсіп Ергали екеуіміздің өңімізге Швециядан келген қандастарымызбен жүздесіп, сұқбаттасу тапсылды. Олар Маңғыстау облысынан тігілген киіз үйде қонағасыда болып, түсетін болғандықтан құрметті қонақтарды Халық Шаруашылығы Жетістіктері Көрмесіндегі құрылтай өтетін атыштырғым аумақты аралатуға ертіп жүріп, өзге де қандастармен таныстыруға септігімізді тигіздік. Құрылтайға Өзбекстанның Тамды ауданынан қатысқан ауылдастарым да келген болатын. Олармен тек түстен кейін ғана жолығусудың сәті түскен. Тәуелібайға ғана емес, Өзбекстан, Қазақстанға да танымал абыз ақсақал, партия, кеңес қызметтерінің белді өкілі хәм қоғам қайраткері, Өзбекстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты, құймақұлақ көнеқаз қария Ақберді Исаев басқарып келген тамдылық топтың ішінде өзімің өріптег ағам, журналист-ақын-педагог Дінбай Дәбболов та бар болып шықты. Дінкен менің Алматыдағы баспасөз саласында қызмет етіп жүргенімді білетіндіктен құрылтай өтіп жатқан жерлерге көз сала жүріп іздеріпті. Ақырында Қазақстан мәдениет қайраткерлерінің концерті өтіп жатқан жерде кездесіп қалдық. Шұрқырай табысып, хал сұрасып болғасын ағамнан қайда тоқтағандарын сұрастырдым. Жалпы құрылтай делегаттары «Қазақстан» қонақ үйінде орналасқандықтан, оларға да осы қонақ үйдің 14 қабатына жайғасыпты.

–Нұрғали, сені Ахан (Ақберді Исаев) сұрастырып жатқан. Кешке сол жерге келуді ұмытып кетпе, - деп қадап тапсырды. Арыстай

азаматтың өзі іздеп жатса, мұндай құрметті қалай ұмытарсың, міндетті түрде баратынымды айттым. Кешке кездесетін болып келістік те, біз өз қызметімізге қайта кірісіп кеттік.

Кешкілік, әлі күнжарықта зәулім «Қазақстан» қонақ үйінің жеделсатысымен 14-қабатқа көтеріліп келе жаттым. Ақаңды бұрыннан жақсы танимын. Сұқбат та алғанмын, қонақта бірге де болғанбыз. Жақын құдалығы, қайын-жұрттық жағы тағы бар. Кешегі мен бүгінгі тарихтан терең хабардар сұңғала кісінің қазақ, өзбек, орыс әдебиеттерінің жауһарларын теріп оқыған білімділігі өз алдына бір төбе. Осыларды ой елегің өткізем дегенше диттеген қабатыма кеп қалғанымды байқамай да қалыппын. Аталған бөлмені номерімен тауып, есігін қақтым. «Кім де болсаң, кіре бер», - деген дауыс шықты іштен. «Ассалаумағалейкүм-детіп» есіктен енгенде, ең бірінші назарыма іліккен жіңішке мұрты ширатылып, жұмсақ креслоға шалқая шайғасқан, кірер есікке тура қарап отырған атақты жазушы Мұхтар Мағауин болды. «Жаңылыс кетпедім бе?» деген сұраулы жүзбен Мағауинге қарап, кілт кірдім. «Өте бер жоғары» деді жазушы қолын бұлғап. Атыштырым бөлмеге бас сұққанда ғана ауылдастарымның бірнешеуінің және Дінкеннің де осында екенін көрдім. Ақаңнан бастап қол алысып, амандасып болғасын, Ақаң өзіне жақын орындықты нұсқады. Ақберді Исаев пен Мұхтар Мағауин арасында ұзақтан жалғасқан достық, сыйластық, азаматтық қарым-қатынас барын біраздан кейін, әңгіме ауанынан ғана ұқтым...

Ақаңнан біраз нәрсе жайлы сұрастыруды ойлап келсем, ол кісі керісінше мені сұрақтың астына ала кетті. Құрылтай жайлы, Президент туралы өзінің ой-пікірлерін де білдіріп отырды. «Бұл өзі дүйім қазақтың жанына жаққан жиын болды ғой. Үлкен кісілерің көреген адам екен. Оны бұрыннан да сырттай біліп, танып жүретімін. Шілдің боғындай шашырап кеткен қазақ жұртының басын қосудың өрекеті, басы осы құрылтай болатын шығар деп түйсінемін. Бізді қойшы, біз өз жерімізде отырмыз. Анау ұрым мен Қырымда қаңғып жүрген қазақтарды атажұртқа қайтаратын шығар деп ойлаймын. Иә, солай істейді... Нұрғали, балам, сен жас болсаң да елмен, жұртпен араласып жүрген, білімің де жететің, көп нәрседен хабардар азаматсың. Әкең Қыдырмұратқа ұқсаған, менің сөзімің астарын аңдап отырған шығарсың? Менің осы айтқандарымды сұқбат етіп, газеттеріңе жаз. Бұны сыртта жүрген бар қазақтың ой-арманы деп жаз. Сұқбат жарияланған газетті маған беріп жіберуді ұмытпағын», - деп барып тоқтады Ақаң. «Азия» халықаралық газет болғандықтан, сол кездің өзінде Өзбекстан, Түркменстан, Қызығызстан және Түркия елдеріне жіберіп отыратынбыз.



Аталған елдердің бөріне таратушыларымыз болған. Түн ауғанға шейін жалғасқан әңгіме арасында ас-ауқаттанып та, шайланып та алдық. Жазушы Мұхтар мен Ақаң екеуінің бір-бірін жеңіл қағыта отырып сөйлескен әрқилы тақырыптағы әңгімелерін тыңдадық.

Арасында Дінкен екеуіміз барға барып, өз тақырыбымызда әңгімелесіп те келдік. Мен тұратын Өжетке қатынайтын автобус кешкі сегізден кейін-ақ тоқтап қалатын болғандықтан, сол күні Дінбай ағаның бөлмесіндегі бос орынға қонып қалатын болып алдын-ала шешіп қойғандықтан, еш алаңсыз мен де отырдым. Үлкен кісілер түнгі бірден кейін демалатындарын білдіргесін, Дікен екеуіміз өзінің бөлмесінде таң ағарғанша әңгімені жалғаддық...

Қазанның 4-жұлдызы күні құрылтайдың жабылу салтанаты Республика сарайында өтіп, сонынан үлкен концерт берілді. Елден келген ауылдастарымды ертеңіне аттандырып бола сала, Ақаңның өтінішін әрі тапсырмасын орындауға отырғам. Келесі күні-ақ «Егемен Қазақстан» газетінде Президент Н.Ә. Назарбаевтың дүниежүзі қазақтарына арнаған ҰНДЕҮІ жарқ ете қалды. Іле-шала менің де үлкен сұқбатым жарияланды. Ақберді Исаев Назарбаевпен жолыққан жоқ, сөйлеспеді, бірақ оның ішкі ойын оқып қойғандай екен. Бізге айтқандары күн айналмай алдымыздан шыққанда, ол кісінің көрегендігіне таң қалып, әулиелігін тән алған едім. Міне, осыдан кейін-ақ ұлы көштің алды тарихи Отанға қарай ат басын бұрғанынан хабардармыз. Бұдан кейін Ақаңмен кездесудің сәті түспесе де, ол кісі туралы әрдайым сұрап жүрдім. Жарықтық сұрауға да, іздеуге де тұрарлық біртуар жан еді ғой!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.

Суретте: А.Исаев.

Орынбек Әйтменбетовтің әсеке мұрағатынан алынды

КӨРКЕМ МІНЕЗДІ МАМАН

Қоршаған қоғамымызда жақсы мамандар жетіп артылады. Алайда, жақсы маманға қоса жақсы адам болудың жөні бір бөлек. Мекеме үшін білікті маман болғанымен, арасында жақсылыққа жаны құмар, алдына келген жандармен кішіпейілділікпен, биязы сөйлесіп, олар-



дың қажетін мейлінше сыпайы түрде өтеп жіберетіндер некен-саяқ кездесіп жататыны бар. Мұндай қасиеттер адамға ең әуелі оның ұшқан ұясынан, ата-анасынан, сосын барып араласқан ортасынан келетінін өмірімізден көріп, біліп, түйіп жүрміз. Осындай көркем мінезді мамандар әсіресе халықтың көп баратын мекемелерге аса қажет екендігі даусыз.

Қызмет және жұмыс маманы «Халықты жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесіне жолымыз көп түседі. Мұнда бас сұғатындар негізінен қаладағы жұмыссыз және кіші кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті жандар болып келеді. Бәрінің де көксейтіні екі қолға бір жұмыс тауып, нәпақасын арттырудың қан-

мы. Сондай сәттерде мекемедегі қызметкерлердің көпшілікке қызмет көрсету іс-әрекеттеріне еріксіз зер салатынын рас. Мұндағы мамандар саны онша көп болмаса да, атқаратын жұмыстары жетіп артылады. Сондықтанда үнемі қарбаласта жүреді. Жұмыс іздеу жағдайымен келіп-кетушілер саны бір сәтке толастамайтын ортада көптің көңілінен шығудың өзі әжептәуір сынақ, біле-білгенге. Дегенмен, аталған мекемеде өз мамандығы мен ісін жетік білетін, сырт көздің сынына ұшырамайтын, жауапкершілігі мол мамандар баршылық екенінен де хабардармыз. Сондай көркем мінезді, жақсы маманның бірі – Мақпал Шаймерденқызы Акимова екендігін сеніммен айта аламыз.

Жамбыл облысы Шу ауданының Алға аулында 1988-жылғы қараша айының 6-жұлдызында дүниеге келген Мақпал Шаймерденқызы Алға ауылындағы Аманкелді Иманов атындағы орта мектепте оқыған. Мектепті жақсы оқыса да, өз қатарластары секілді 9-сыныпты бітіргесін арнаулы білім алуды ойлап, Тараз қаласындағы «Тараз - Ғасыр» колледжінің «құқықтану» бөліміне құжаттарын тапсырады. Алла нәсіп етіп оқуға түсіп кетеді де, болашақ мамандығының алғашқы іретгасын осында қалаған. Әкесі Шаймерден Машрапулы Акимов жеке шаруа қожалығын дөңгелете жүріп, балаларының жетілуіне, таршылық көрмеуіне және арнайы мамандық алып, қоғамнан өз орындарын табуларына мейлінше жағдай жасаудың қамын істеген. Анасы Сәрсентгүл Әлдібайқызы Мәндібаева зейнеткерлікке шыққанша үй шаруашылығын үйіріп, перзенттерінің тілекшісі ретінде оларға ақыл-кеңесін айтудан жалыққан емес. Ұлын – ұяға, қызын – қияға қондарғасын да олардың тіршілігіне алаңдап, жай-жағдайларын сұрап отырудан бір танбайды. Осындай үлкен шаңырақта өскен Мақпал ата-анасының сенімін, үмітін ақтауды,

оларды ұятқа қалдымауды ойлайды хәм сол үшін талпынады, тырысады және күреседі. Сондықтанда 2007-жылы аталған колледжді бітіріп шыққан соң, келер жылында Приозерск қаласына бақ сынап келіп, осындағы санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Басқармасына заңгер болып жұмысқа қабылданады.

Жаңа жер, бейтаныс қала... әлі жиырмаға тола қоймаған бойжеткен үшін жаңа қонысқа үйрену, қала өміріне көндігу оңай бола қоймағаны рас. Өзі қалаған мамандығы бойынша қызметке орналасып алғаны, жаңа қоныста жаңа өмірге қадам қойғаны ғана дөтке қуат. Қала атауы болғанымен, мұндағы тұрғындардың басым көпшілігі өзі секілді ауылдардан көшіп келгені де жасты болды. Олармен танысу, тіл табу, достасу да жеңілрек. Өзінің аумағынан қоныс аударғандар да бұл жерде көп екен. Жас маман уақытының көбін жұмыс бабына арнағандықтан да, алғашқы еңбек жолының әліппесін тез-ақ игеріп кетті. Дегенмен, арнаулы орта білімнің өзі үшін жетімсіздігін де сезінген. Қатарластарының, танысқан құрбыларының біразы колледжден кейін жоғарғы оқу орнына құжаттарын тапсырып, сырттай оқып жүргені Мақпалға да жаңа бағытты нұсқаған болатын. Осы мақсатты қолға алған ол 2009-жылы Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетінің сырттай бөліміне оқуға түсіп, негізгі қызметінен қол үзбей «құқықтану» мамандығы бойынша аталмыш жоғарғы оқу орнын 2012-жылдар аяқтап, толыққанды маман болып алды. Өзі сымбатты әрі әдемі, қызметі бар, мінезі де жайдары қызға қырындап, сөз салушылар да табылды. Солардың арасынан Мақпал қыздың жүрегін жаулап, өзіне ықыласын аударған Әсет есімді жігіт болды. Бұдан әрі Мақпалдың жаңа және негізгі өмірі басталып жүре берген. Әсет екеуі шаңырақ көтеріп, отау тікті. Өз бағытымен жылжыған уақыттың ағымымен жылдар өтіп, тұңғыш-

Жаңыңда жүр жақсы адам

тары Диас дүние есігін ашты, ана атанды. Бұдан кейін болашақта өзіне қолғанат болатын қызы – Арайлым қосылды отбасына. Балалармен үйде ұзақ отырып қалмай, жұмысын жалғастырды. Қызметінде де өзгерістер болып жатты. 2012-2014-жылдар аралығында «Приозерск қаласының экономика бөлімі» және «Приозерск қаласының Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімдерінде» мамандығына орай қызмет етіп, біліктілігін шыңдай түскен еді.

Мақпал Шаймерден қызы 2015-жылдан бері Приозерск қаласының Жұмыспен қамту орталығына жоғарғы деңгейдегі маман ретінде жұмысқа орналасып, бүгінгі таңда Жұмыспен қамту орталығының сектор менеджерісі қызметін атқарауда. Өміржолдасы – Әсет Сайранбекұлы Шамшатов та мемлекеттік қызметші. Ол Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімінде бас маман қызметін атқарады. Мақпал қызметкер болуымен қатар, үлкен шаңырақтың келіні. Қайынатасы Сайранбек жоғары білімді ұстаз болғандықтан оның қызмет бабын дұрыс түсінеді. Енесі Гүлістан да отбасына жайлы аналардың қатарында. Ұйыған отбасының ұйытқысы – әйел десек, Мақпал бұл шаруаны да ұрышқайы үйірген үлгілі келіндер қатарында. Ауыл-үйдің жұрты ол туралы жақсы лебіздерін айтып, алғысын білдіріп отырады. Бала күнгі арман-мақсаттары ақырындап жүзеге асып келе жатқанына шүкірлік етіп, қызметін алаңсыз атқарауда. Ұжымда да абырой-беделден ада емес. Өзіне тапсырылған қандай мәселені де тап-тұйнақтай етіп, уақылы атқаруға дағдыланған. Алдарынан ондап өтіп жататын жұмыс іздеушілер тарапынан ешқашан шағым түспеуі оның қызметінің тиянақтылығын білдірсе керек.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.

Суретте: М.Акимова жұмыста



ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Жоба

Проект

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ
ШЕШІМІ**

**РЕШЕНИЕ
ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО
МАСЛИХАТА**

Приозерск қ. №__ «__» 2018 жыл

г. Приозерск №__ «__» 2018 год

**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙНША
ТҮРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ
ЖИНАУҒА, ӘКЕТУГЕ, ЖӘНЕ КӨМУГЕ
АРНАЛҒАН ТАРИФТТЕРІН
БЕКІТУ ТУРАЛЫ»**

**«ОБ УТВЕРЖДЕНИИ
ТАРИФОВ НА СБОР, ВЫВОЗ,
И ЗАХОРОНЕНИЕ ТВЕРДЫХ
БЫТОВЫХ ОТХОДОВ
ПО ГОРОДУ ПРИОЗЕРСК»**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

В соответствии с подпунктом 1) статьи 19-1 Экологического кодекса Республики Казахстан от 9 января 2007 года, **Законом** Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Приозерский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Приозерск қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, және көмуге арналған тарифтері 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

1. Утвердить тариф на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов по городу Приозерск в соответствии с приложением 1.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Сессия төрағасы
Приозерск қаласы
мәслихатының хатшысы

Председатель сессии,
Секретарь Приозерского
городского маслихата

Приозерск қалалық мәслихатының
2018 жылғы «__» _____
сессиясының №__ шешіміне
1 қосымша

Приложение 1
к решению __ сессии
Приозерского городского маслихата
от «__» _____ 2018 года №__

**Приозерск қаласы бойынша тұрмыстық
қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге,
және көмуге арналған тарифтер**

**Тариф на сбор, вывоз и захоронение
твердых бытовых отходов
по городу Приозерск**

Атауы	1 м ³ Тариф (ҚҚС қоса) (тенге)		
	Жинау және әкету	Көму	Барлығы
Жеке және Заңды тұлғаларға (1м ³)	1143,29	350,06	1493,35

Наименование	Тариф за 1 м ³ (с НДС) (тенге)		
	Сбор и вывоз	Захоронение	Всего
Физические и юридические лица (за 1м ³)	1143,29	350,06	1493,35

Ескерту: ҚҚС - қосылған құн салығы;
м³ - текше метр.

Примечание: НДС - налог на добавленную стоимость;
м³ - кубический метр.



СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Акіма города Приозерск” 5-41-53
График приема граждан:
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник-четверг с 16.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

сенім телефоны: 5-32-48
Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов ***

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ –нің сенім телефоны 5-29-62.
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының сайлау комиссияларының жаңа құрамын қалыптастыру туралы ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі - Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Қарағанды облысының Приозерск қалалық мәслихаты аумақтық және төрт учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын қалыптастыру туралы хабарлайды.

Аумақтық сайлау комиссиялары жеті мүшеден тұратын құрамда құрылады.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскелердегі сайлаушылардың санына қарай қаланың аумақтық сайлау комиссиясы айқындайды.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табымайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2018 жылғы 30 қарашадан бастап 20 желтоқсанға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер;

2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері.

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихат сайтында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі сол ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апасындары (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2018 жылғы 20 желтоқсанға дейін дүйсенбі - жұма күндері 08:30-18:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ге дейін.

Приозерск қалалық мәслихаты

Сәрсембеков Бекзат Мұқсинаұлы - қалалық мәслихаттың хатшысы.

Мәслихаттың орналасқан жері: Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй.

Жауапты адам - Шұға Бексейтқызы Мақышева - қалалық мәслихат аппаратының басшысы, Роза Ақылбайқызы Дәнегулова - қалалық мәслихат аппаратының бюджет мәселесі бойынша бөлім басшысы, қалааралық телефон коды (8 71039), жұмыс тел. 5-44-21, 5-49-16, факс нөмірлері 5-22-26, 2 қабат.

Қалалық мәслихат қалалық сайлау комиссиясының және 4 учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлайды:

№ р/б	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
1	2	3	4
Қалалық сайлау комиссиясы			
1		Приозерск қаласы, Пушкин көшесі 7 үй, «Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ ғимараты	7
Учаскелік сайлау комиссиялары - 4			
	№ 257	Приозерск қ, Транспортная көшесі, 17 үй, «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КММ	5
	№ 258	Приозерск қ, Достық көшесі, 20 үй, «№2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	9
	№ 259	Приозерск қ, Кисунько көшесі, 11 «а» үй, «№1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	7
	№ 260	Приозерск қ, Космонавтов көшесі, 2 үй, «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК	7

Приозерск қалалық мәслихаты, 30.11.18 ж.

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 48/588. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

СООБЩЕНИЕ

Приозерского городского маслихата Карагандинской области о формировании нового состава избирательных комиссий

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) маслихат города Приозерск Карагандинской области сообщает о формировании нового состава территориальной и четырех участковых избирательных комиссий.

Территориальные избирательные комиссии образуются в составе семи членов.

Количественный состав участковых избирательных комиссий определен территориальной избирательной комиссией города/района в зависимости от количества избирателей на участках.

Срок полномочий избирательных комиссий составляет пять лет.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихат избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемым, избирательные комиссии с 30 ноября до 20 декабря 2018 года представляют в маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется до 20 декабря 2018 года с понедельника по пятницу с 08:30 до 18:00 часов, перерыв с 13:00 до 14:30 часов.

Приозерский городской маслихат

Сарсембеков Бекзат Муксинавич – секретарь городского маслихата.

Местонахождение маслихата: город Приозерск, ул. Балхашская, 5.

Ответственное лицо – Макишева Шуга Бексеитовна - руководитель аппарата городского маслихата, Дәнегулова Роза Ақылбаевна - руководитель отдела по вопросам бюджета аппарата городского маслихата, междугородний телефонный код (8 71039), сл. тел. 5-44-21, 5-49-16, телефон факса 5-22-26, 2 этаж.

Городской маслихат избирает членов городской избирательной комиссии и 4 участковых избирательных комиссий:

№ п/п	Номер избирательного участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов избирательной комиссии
1	2	3	4
Городская избирательная комиссия			
1		Город Приозерск, ул. Пушкина, дом 7 здание ГУ «Аппарат акима города Приозерск»	7
Участковые избирательные комиссии – 4			
	№ 257	г. Приозерск, ул. Транспортная, дом 17, КГП «Центральная больница города Приозерск»	5
	№ 258	г. Приозерск, ул. Достық, дом 20, КГУ «Средняя общеобразовательная школа №2»	9
	№ 259	г. Приозерск, ул. Кисунько, дом 11 «а», КГУ «Средняя общеобразовательная школа №1»	7
	№ 260	г. Приозерск, ул. Космонавтов, дом 2, КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достық»	7

Приозерский городской маслихат, 30.11.18 г.